



Аккредиттеу және рейтингтің  
тәуелсіз агенттігі

«БЕКІТЕМІН»

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз  
агенттігі» коммерциялық емес  
мекемесінің директоры

А. Жұмағұлова

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

## Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу жобасы жетекшісінің лауазымдық нұсқаулығы

1. «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесінің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу жобасының басшысы қолданыстағы еңбек заңнамасымен белгіленген тәртіппен Агенттік директорының бұйрығымен лауазымға тағайындалады және атқаратын лауазымынан босатылды.

2. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу жобасының басшысы тікелей Агенттік директорына бағынады.

3. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу жобасының басшысы жоғары білімі және білім беру саласында кемінде 3 жыл еңбек өтілі бар, іс жүргізу негіздерін білетін адам тағайындалады.

4. Өз қызметінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу жобасының басшысы мыналарды басшылыққа алады:

1) білім беру саласын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық актілерін;

2) білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен мамандықтар сыныптамасын;

3) ҚР БҒМ Республикалық аккредиттеу кеңесі туралы ережені;

4) Агенттіктің сыртқы сараптау комиссиясы туралы ережені;

5) білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарын;

6) білім беру ұйымдарын мамандандырылған аккредиттеу стандарттарын;

7) аккредиттеу жөніндегі сыртқы сарапшының әдеп нормаларының кодексін;

8) білім беру ұйымдарын аккредиттеу процесінде сыртқы сараптаманы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі басшылықты;

9) білім беруді ұйымын өзіндік бағалауды жүргізу жөніндегі басшылықты;

10) білім беру бағдарламаларының және білім беру ұйымдарының деңгейін анықтаудың әдістемелік негіздерін;

11) Агенттіктің жарғысын, басшылықтың қызметті реттейтін бұйрықтар мен өкімдерді және осы лауазымдық нұсқаулықты білуі тиіс.

5. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу жобасының басшысы Word, Excel, Power Point компьютерлік бағдарламалармен және Интернетпен жұмыс істеу дағдылары болуы тиіс.

6. Өндірістік қажеттілікке байланысты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу жобасының басшысы қызметтік іссапарларға шыға алады.

## 2. Лауазымдық міндеттері

7. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу жобасының басшысы:

1) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу бойынша іс-шараларды жобалауға және жүзеге асыруға;

2) оған жүктелген міндеттердің сапалы және уақтылы орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

1) бақылау құжаттарының, Агенттік басшылығы тапсырмаларының уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге;

2) жоба жұмысының кестесін әзірлеуге: сыртқы сараптау комиссиясының білім беру ұйымына сапары;

3) семинарлар өткізу, есептерді рецензиялау кестелерін жасауға;

4) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын және білім беру бағдарламаларын аккредиттеуге қатысты ішкі нормативтік құқықтық базасын әзірлеуге қатысуға;

5) институционалдық және мамандандырылған аккредиттеудің стандарттарын әзірлеуге қатысуға (даярлық бағыттары);

6) ұлттық білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы әдістемелік және анықтамалық материалдарды әзірлеуге қатысуға;

7) білім беру ұйымдарында сапаны өзіндік бағалау және ішкі бағалау бойынша оқыту семинарларын ұйымдастыруға;

8) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде сыртқы бағалау рәсімдерін өткізу жөніндегі сарапшыларға арналған оқыту семинарларын ұйымдастыруға және өткізуге;

9) сыртқы сараптау комиссиялардың құрамын қалыптастыруды үйлестіруге;

10) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын өзіндік бағалау бойынша есептерді рецензиялауға;

11) Агенттік бақылаушыларынан олар үйлестіретін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары бойынша қажетті ақпаратты сұратуға;

12) сыртқы сарапшылардың деректер базасын қалыптастыруға ықпал етуге;

13) Агенттік қызметінің перспективалық және ағымдағы жоспарларын дайындауға қатысуға;

14) институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде сыртқы сараптау комиссиясының жұмысына бақылаушы ретінде қатысуға (сыртқы сараптау комиссиясының білім беру ұйымына баруын ұйымдастыру және үйлестіру, сыртқы сараптау комиссиясының сапарын өткізу бойынша құжаттардың толық пакетін дайындау);

15) аккредиттелген білім беру ұйымдарының деректер базасына қажетті материалдарды беруге;

16) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын/білім беру бағдарламаларын аккредиттеу туралы ақпаратты дайындауға;

17) білім беру ұйымдарынан статистикалық деректерді алуға арналған нысандарды тексеруге және Агенттік басшылығына бекітуге ұсынуға;

18) білім беру ұйымдарын және білім беру бағдарламаларын аккредиттеу нәтижесі бойынша қазақстан республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің жай-күйін және даму тенденциясын талдауды жүзеге асыруға;

19) сыртқы сараптау комиссиясының жұмысы туралы материалдарды дайындауға және тұрақты түрде Агенттіктің веб-сайтына жариялауға;

20) Агенттік басшылығының өзге де тапсырмаларын орындауға міндетті.

### **3. Құқығы**

8. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу жобасының басшысы:

1) Агенттік басшылығынан қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты (өкім, бұйрық), әдістемелік, нормативтік және басқа да басшылық материалдарды алуға;

2) Агенттіктің отырыстарына қатысуға;

3) Агенттіктің қызметіне қатысты директор шешімінің жобаларымен танысуға;

4) директордың тапсырмасы бойынша білім беру ұйымдарынан, жұмыс берушілерден, қоғамдық бірлестіктерден және т.б. ақпарат сұратуға;

5) Агенттік басшылығының қарауына оның құзыретіне жататын проблемалар бойынша аналитикалық анықтамалар және қызметтік жазбалар ұсынуға;

6) білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелері бойынша семинарларға, конференцияларға, оның ішінде халықаралық семинарлар мен конференцияларға қатысуға;

7) Агенттік басшылығының келісуі бойынша сарапшы ретінде шетелдік аккредиттеу және рейтингтік агенттіктер сараптамалық комиссияларының жұмысына қатысуға;

8) білім беру сапасын кепілдендіру мәселелері жөніндегі жұмыс топтарына қатысуға;

9) біліктілігін арттыруға құқылы.

### **4. Жауапкершілігі**

9. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын аккредиттеу жобасының басшысы:

1) осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін - Қазақстан Республикасының

қолданыстағы еңбек заңнамасы шегінде;

2) құжаттарды басшылықтың қарауына уақтылы ұсынбағаны, олардың сақталуын қамтамасыз етпегені үшін;

3) материалдық зиян келтіргені үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасы шегінде;

4) оған бекітілген материалдық-техникалық ресурстардың оңтайлы емес және ұқыпсыз қолданылғаны;

5) қызметтік әдеп пен еңбек тәртібін сақтамағаны;

6) құпия қызметтік ақпаратты таратқаны үшін жауап береді.

Нұсқаулықпен таныстым: \_\_\_\_\_

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз аге,

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі